



## **"Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 6 қараша N 1174

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ "ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ"**

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы еңбекті қорғаудың құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды және еңбек процесінде қауіпсіздік пен еңбек гигиенасын қамтамасыз етуге, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған.

### **1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

#### **1-бап. Негізгі ұғымдар**

Осы заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау - өндірістік объектілерді, цехтарды, учаскелерді, оларда орындалатын жұмыстардың қауіпсіздік, зияндылық, ауырлық, қауырттылық, еңбек гигиенасы жай-күйін және өндірістік орта жағдайларының еңбек жағдайларының нормативтеріне сәйкестігін айқындау мақсатында оларды бағалау жөніндегі қызмет;

2) еңбек қауіпсіздігі - еңбек процесінде қызметкерлерге зиянды және қауіпті әсерді болдырмайтын іс-шаралар кешенімен қамтамасыз етілген қызметкердің қорғалу ж а й - к ү й і ;

3) еңбектің қауіпсіз жағдайлары - қызметкерге зиянды және қауіпті өндірістік факторлардың әсері болмайтын немесе олардың әсерінің деңгейі қауіпсіздік нормаларынан аспайтын еңбек жағдайлары;

4) өндірістік жабдықтың қауіпсіздігі - өндірістік жабдықтың берілген функцияларды нормативтік-техникалық және жобалау құжаттамасында белгіленген жағдайларда орындауы кезінде еңбек қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін сақтау

е р е к ш е л і г і ;

5) өндірістік процестің қауіпсіздігі - өндірістік процестің нормативтік-техникалық құжаттамада белгіленген жағдайларда еңбек қауіпсіздігінің талаптарына сәйкестігін сақтау е р е к ш е л і г і ;

6) зиянды өндірістік фактор - белгілі бір жағдайларда оның әсері қызметкердің сырқаттануына немесе еңбекке қабілеттілігінің төмендеуіне және (немесе) ұрпағының денсаулығына кері әсер етуге әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

7) еңбек гигиенасы - қызметкерлердің денсаулығын сақтау, өндірістік ортаның және еңбек процесінің қолайсыз әсерінің алдын алу жөніндегі санитарлық-гигиеналық шаралар мен құралдар кешені ;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мониторинг - өндірістегі еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйін қадағалау жүйесі, сондай-ақ республикадағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жай-күйін бағалау әрі болжау;

9) өндірістегі жазатайым оқиға - нәтижесінде қызметкердің еңбек (қызмет) міндеттерін немесе жұмыс берушінің тапсырмасын орындау кезінде жарақаттануына, денсаулығының күрт нашарлауына немесе қатты кәсіби ауруға (улануға) шалдығып, кейіннен оны уақытша немесе тұрақты еңбек ету қабілетінен айрылуына не өліміне әкеп соқтырған өндірістік фактордың қызметкерге әсер ету оқиғасы;

10) қауіпсіздік нормалары - қауіпсіздіктің барлық түрлерін (өндірістің, жабдықтардың, өндірістік процестің, еңбектің қауіпсіздігі) қамтамасыз ету тұрғысынан өндіріс жағдайларын, өндірістік және еңбек процесін сипаттайтын көрсеткіштердің с а н д ы қ м а з м ұ н ы ;

11) еңбек жағдайларының нормативтері - бұл еңбектің қалыпты жағдайларын қамтамасыз ететін эргономикалық санитарлық-гигиеналық және психофизиологиялық талаптары б а р н о р м а т и в т е р ;

12) қауіпті өндірістік фактор - әсері белгілі бір жағдайларда қызметкердің уақытша немесе тұрақты еңбек ету қабілетінен айрылуына (еңбек жарақаты немесе кәсіптік ауру) немесе өліміне әкеп соқтыруы мүмкін өндірістік фактор;

13) еңбекті қорғау - құқықтық, әлеуметтік-экономикалық ұйымдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-алдын-алу, оңалту және өзге де іс-шаралар мен құралдардан тұратын, еңбек қызметі процесінде қызметкерлердің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жүйе;

14) өндірістік жабдықтар - машиналар, тетіктер, аппараттар мен жабдықтар;

15) өндірістік санитария - зиянды өндірістік факторлардың қызметкерлерге әсер етуін болғызбайтын немесе оның әсерін азайтатын санитарлық-гигиеналық, ұйымдастыру іс-шаралары мен техникалық құралдар жүйесі;

16) кәсіби ауру - қызметкердің өзінің еңбек (қызмет) міндеттерін орындауына байланысты оған зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен болған созылмалы немесе қ а т т ы а у р у ;

17) жұмыс орны - қызметкердің еңбек қызметі процесінде өзінің еңбек міндеттерін орындау кездегі тұрақты немесе уақытша болатын орны;

18) арнаулы киім - қызметкерді зиянды және қауіпті өндірістік факторлардан қорғауға арналған киім, аяқ киім, бас киім, қолғаптар;

19) жеке қорғану құралдары - қызметкерді заңы және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғауға арналған құралдар;

20) ұжымдық қорғану құралдары - жұмыс істеп жатқан екі немесе одан да көп адамдарды зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен бір мезгілде қорғауға арналған техникалық құралдар;

21) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері - еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның мемлекеттік мекемесіне ұйымдық-құқықтық нысандағы заңды тұлғалары;

22) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган - еңбек қатынастары саласындағы өкілеттікті Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

23) еңбек қауіпсіздігінің жағдайлары - еңбек процесінде адамның денсаулығы мен жұмысқа қабілеттілігіне әсер ететін өндірістік орта және еңбек процесі факторларының жиынтығы.

## **2-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңы**

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заң Қазақстан Республикасының Конституциясына , "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына негізделеді және осы Заңнан әрі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өзге де норма құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Заңдағы ережелерден өзге белгіленсе, онда халықаралық шарттардың ережелері қолданылады.

### **3-бап. Осы Заңның қолданылу аясы**

1. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

2. Жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасында еңбек қатынастары туындаған кезде еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың талаптарын олардың бәрі орындауға міндетті.

3. Жеке еңбек, ұжымдық шарттарда және жұмыс берушілердің актілерінде көзделген жұмыс орындарындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайлары осы Заңда көзделген еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларынан төмен болмауға тиіс.

## **2-ТАРАУ. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ**

### **4-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқару**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері жүзеге асырады.

### **5-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік басқарудың негізгі қағидаттары мыналар:

1) өндірістік қызмет нәтижелеріне қатысты қызметкердің өмірі мен денсаулығын қорғау басымдығы;

2) өндірістік факторлардың қызметкердің өмірі мен денсаулығына зиянды әсерінің қайтымсыз салдарын болдырмау;

3) нормативтік құқықтық актілер әзірлеу және қабылдау арқылы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында талаптар белгілеу;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелерін мемлекеттік реттеу;

5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері және жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдері арасында келісілген іс-қимылдарды қамтамасыз ету;

6) еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы ақпараттың жариялылығы, толықтығы мен растығы болып табылады.

### **6-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құзыретіне мыналар жатады:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын белгілеу;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында ұйымдастыру тәртібін белгілеу және мемлекеттік бақылау жүргізу;

3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында деректер банкін құра отырып ақпарат беру және мемлекеттік статистика жүргізу тәртібін белгілеу;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбек қорғау проблемалары бойынша зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету.

### **7-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті**

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне мыналар жатады:

- 1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау проблемалары бойынша зерттеулер бағдарламаларын әзірлеу ;
- 3) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде мониторинг өткізу;
- 4) басқа уәкілетті мемлекеттік органдармен, сондай-ақ қызметкерлер мен жұмыс берушілер өкілдерімен еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету саласында үйлестіру және өзара әрекет ету;
- 5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында салааралық нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және бекіту, мемлекеттік еңбек инспекторларын оқыту және аттестаттау ;
- 6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуына мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру ;
- 7) заңда белгіленген тәртіппен өндірістегі жазатайым оқиғаларға зерттеу жүргізуді уақытылы және объективті бақылауды жүзеге асыру;
- 8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық ;
- 9) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыру.

#### **8-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган аумақтық бөлімшелерінің құзыреті**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелері өз құзыреті шегінде:

- 1) еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуына мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету жолымен еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы талаптарына жауап беретін еңбек жағдайларына азаматтардың конституциялық құқықтарын іске асыруына бақылауды ;
- 2) өндірістік жаракаттанудың, кәсіби сырқаттың себептерін талдау және олардың алдын-алу жөнінде ұсыныстар әзірлеуді;
- 3) өндірістегі жазатайым оқиғаларды заңдарда белгіленген тәртіппен зерттеуді;
- 4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережеге сәйкес ұйымдағы еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты басшылар мен адамдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімін тексеруді;
- 5) өндірістік тағайындау объектілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі қабылдау комиссиясының құрамына қатысуды;
- 6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі қызметкерлер мен

жұмыс берушілер өтініштерін қарауды;

7) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **3-ТАРАУ. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУҒА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ КЕПІЛДІКТЕРІ**

**9-бап. Жұмысқа қабылдау кезінде еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға берілетін құқықтар кепілдігі**

1. Ауыр қол еңбегі жұмыстары мен еңбек жағдайлары зиянды жұмыстарда әйелдердің және жасы он сегізге толмағандардың, сондай-ақ бұл жұмыстар денсаулық жай-күйіне қайшы келетін адамдардың еңбегін қолдануға тыйым салынады.

2. Әйелдердің және он сегіз жасқа толмаған адамдардың еңбегін қолдануға тыйым салынатын еңбек жағдайлары ауыр, зиянды (ерекше зиянды) және қауіпті (ерекше қауіпті) өндірістердің, кәсіптер мен жұмыстардың тізімін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

**10-бап. Міндетті медициналық тексерулер**

1. Ұйымдарда зиянды (ерекше зиянды), қауіпті (ерекше қауіпті) және қолайсыз өндірістік факторлары бар жұмыстарға адамдар қабылдауды жұмыс беруші алдын алу медициналық тексеруден өткеннен кейін және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілерімен бекітілген талаптарға сәйкес денсаулық жай-күйі бойынша теріс айғақтардың болмауы айқындалғаннан кейін жүзеге асыруға тиіс.

2. Он сегіз жасқа толмаған адамдар міндетті алдын алу медициналық тексеруден өткеннен кейін ғана жұмысқа қабылданады және одан әрі, он сегіз жасқа толғанға дейін жыл сайын міндетті медициналық тексеруден өтуге тиіс.

3. Жұмыс беруші еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істейтін қызметкерлерді мерзімдік медициналық байқаудан және тексеруден өткізуді заңда белгіленген тәртіппен өзінің жеке қаражаты есебінен ұйымдастыруға міндетті.

4. Қауіптілігі жоғары жұмыстармен, машиналармен және тетіктермен байланысты жұмыстармен айналысатын қызметкерлер ауысым алдында медициналық куәландырудан өтуге тиіс. Ауысым алдында медициналық куәландыруды талап ететін кәсіптердің тізімін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді. Медициналық қараудан және тексеруден өтуден жалтарған қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

**11-бап. Қызметкерлердің еңбек қызметі процесіндегі еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға берілетін құқығының кепілдіктері**

1. Ұйымдардағы, әр жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігінің жағдайлары еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі стандарттар, ережелер талаптарына сәйкес болуға тиісті.

2. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын ұйымның бұзуы салдарынан жұмысын тоқтатқан уақытқа қызметкердің жұмыс орны (лауазымы) мен орташа жалалқысы сақталады.

3. Қызметкер өзінің немесе айналадағы адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп туындаған жағдайда жұмысты орындаудан бас тартуы оны тәртіптік жазалауға және (немесе) оған материалдық айып салуға әкеп соқтырмайды.

4. Қызметкер жеке және (немесе) ұжымдық қорғану құралдарымен, арнаулы киіммен қамтамасыз етілмеген жағдайда жұмыс беруші қызметкерден еңбек міндеттерін орындауды талап етуге құқылы емес және осы себеп бойынша туындаған тоқтап тұруға жеке еңбек немесе ұжымдық шартқа сәйкес ақы төлеуге тиіс.

5. Қызметкер еңбек міндеттерін атқару кезінде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген жағдайда оған келтірілген өтем Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүзеге асырылады.

6. Қызметкерде еңбек жаракаты, кәсіби ауру немесе зиянды және/немесе қауіпті өндірістік факторлардың әсері салдарынан денсаулығының өзге де зақымдалуы байқалған жағдайда жұмыс беруші медициналық қорытынды негізінде қызметкерді өзінің келісімі бойынша денсаулығына теріс айғағы жоқ басқа жұмысқа ауыстыруға тиіс.

## **12-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде қызметкерлерді оқыту, нұсқаулық беру және олардың білімін тексеру**

1. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқаулық беруді, білімін тексеруді жұмыс беруші өзінің меншікті қаражаты есебінен жүргізеді.

2. Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудың, нұсқаулық берудің, олардың білімін тексерудің тәртібі мен мерзімі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

3. Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары бар жұмысқа қабылданған адамдар жұмыс беруші алдын ала ұйымдастыратын оқытудан міндетті тәртіппен өтеді, кейіннен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша міндетті тексеруден өткізіледі. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша оқытудан, нұсқаулық беруден және тексеруден алдын ала өтпеген қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

## **4-ТАРАУ. ҚЫЗМЕТКЕР МЕН ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **13-бап. Қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға құқықтары**

#### **1. Қызметкердің :**

- 1) еңбек қауіпсіздігіне және еңбекті қорғауға;
- 2) жұмыс берушіден жұмыс орнындағы еңбек жағдайы мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы, денсаулығына зиян келтіру қатерінің бар екендігі туралы, сондай-ақ зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен өзін қорғау жөнінде қабылданған шаралар туралы нақты ақпараттар алуға;
- 3) өндірістік жарақаттануға, кәсіби ауруға немесе жұмыс істеу қабілетін төмендетуге әкеп соқтыруы мүмкін зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғаған жұмыс орнына;
- 4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі заңда көзделген талаптарға, сондай-ақ жеке еңбек және ұжымдық шарттарға сәйкес жеке және ұжымдық қорғану құралдарымен, арнаулы киіммен қамтамасыз етілуге;
- 5) өзінің жұмыс орнындағы еңбек жағдайына және еңбекті қорғауға тексеру жүргізуі туралы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және оның аумақтық бөлімшелеріне өтініш жасауға;
- 6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жағдайларын жақсартуға байланысты мәселелерді тексеруге және қарауға өкілді түрде қатысуға;
- 7) өзінің денсаулығына немесе өміріне қатер төндіретін жағдай туындаған кезде жұмысты орындаудан бас тартуға және бұл жөнінде тікелей басшыға немесе жұмыс берушінің өкіліне хабарлауға;
- 8) еңбек міндеттерін заңда белгіленген тәртіппен қауіпсіз атқару үшін қажетті білім алуға және кәсіби даярлыққа;
- 9) шарттық міндеттерді, еңбек (қызмет) міндеттерін заң актілеріне сәйкес атқару кезінде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге;
- 10) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына сәйкес болмаудан ұйымның жұмысы тоқтатылған жағдайда жалақысының сақталуына;
- 11) жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңсыз әрекеттеріне шағымдануға құқығы бар.

### **14-бап. Қызметкердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері**

#### **Қызметкер :**

- 1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормалардың, ережелер мен нұсқаулықтардың талаптарын, сондай-ақ жұмыс берушінің өндірістегі жұмыстарды



қауіпсіз жүргізу туралы талаптарын сақтауға;

2) арнаулы киімдерді, жеке және қорғаныс құралдарын мақсатты пайдалануға;

3) өндірісте болған кез келген және жазатайым оқиға, кәсіби аурудың белгілері, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін жағдайлар туралы өзінің тікелей басшысына жедел хабарлауға;

4) заңда көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгеше басқа жұмысқа ауыстырылғанда не кәсіби аурулардың белгілері білінгенде міндетті түрде алдын ала мерзімдік (еңбек қызметі ішінде) медициналық байқаулардан және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өтуге міндетті.

### **15-бап. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары**

#### **1. Жұмыс берушінің:**

1) өзінің өкілетті шегінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөнінде актілер шығаруға;

2) қызметкерлерден еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нормаларын сақтауды талап етуге;

3) жұмыс орындарында еңбек жағдайларын жасауға, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөнінде рационализаторлық ұсыныстарға үлес қосқаны үшін қызметкерлерді көтермелеуге;

4) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын бұзған қызметкерлерді еңбек туралы заңда белгіленген тәртіппен жұмыстан шеттетуге және жауапкершілікке тартуға құқығы бар.

### **16-бап. Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері**

#### **1. Жұмыс беруші:**

1) ұйымдарда салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етуге;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау-күйін бақылауды жүзеге асыруға;

3) ұйымның аумағында және жұмыс орындарында болуы мүмкін зиянды өндірістік факторлар туралы қызметкерлерді хабардар етуге;

4) жұмыс орындарында және технологиялық процестерде кез келген қатерлерді болдырмау жөнінде өндірістік жабдықтар мен технологиялық процестерге профилактика жүргізу, оларды ауыстыру жолымен шаралар қабылдауға;

5) жаңа жабдықтар енгізу кезінде техникалық прогреске сәйкес өндірістік процестер мен жабдықтардың қауіпсіздігі үшін қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың жаңа жағдайларына оқытуға және даярлауға;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге және оларды ұйымда өткізуге арналған қаражат бөлуге;

7) қызметкерді өзінің меншікті қаражаты есебінен арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және зиянды және (немесе) қауіпті өндірістік факторлардың әсерінен қорғау

үшін жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етуге әрі жеке және ұжымдық қорғану құралдарын, арнайы киімдерді өз мақсатында пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыруға ;

8) өндірістік процестер мен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөнінде нұсқама жүргізуге, қызметкерлерді тиісті нұсқамалық құжаттармен (нұсқаулықтармен, ережелермен, әдіснамалық сілтемелермен) қамтамасыз етуге;

9) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөнінде білімдерін тексеруден өткізуге әрі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережелерге сәйкес мамандар білімін тексеруді ұйымдастыруға;

10) заңда көзделген жағдайларда, сондай-ақ еңбек жағдайлары өзгеше басқа жұмысқа ауыстырылғанда не кәсіби аурулардың белгілері білінгенде қызметкерлерді міндетті түрде алдын ала, мерзімдік (еңбек қызметі ішінде) медициналық байқаулардан және ауысым алдындағы медициналық куәландырудан өткізуге;

11) қызметкерлерді өз қаражаты есебінен қажетті санитарлық-тұрмыстық жағдайлармен және арнайы киімдер мен аяқ киімдерді профилактикалық өңдеу құралдарымен (киім жуу, химиялық тазалау, жөндеу, тігу) жуу және зарарсыздандыру материалдарымен, медициналық дәрі-дәрмек сандықшаларымен, сүтпен, емдеу алдын-алу тағамдарымен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейтін нормалардан төмен емес нормаларда қамтамасыз етуге;

12) еңбек қауіпсіздігі және еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігіне, еңбек жағдайы мен еңбекті қорғау жай-күйіне әрі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуына тексеру жүргізуі үшін, сондай-ақ өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіби ауруларды зерттеуі үшін кедергісіз өткізуге;

13) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға және оның аумақтық бөлімшелеріне ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігінің, еңбек жағдайлары мен еңбекті қорғаудың жай-күйі туралы қажетті ақпарат беруге;

14) мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамаларын қабылдауға және орындауға ;

15) өндірістегі жазатайым оқиғаларды тіркеуі, есепке алуды және талдауды жүзеге асыруға ;

16) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен ережелерге сәйкес өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша 5 жылда кемінде бір рет мерзімдік аттестаттаудан өткізуге, сондай-ақ қайта құрудан, жаңғыртудан өткеннен, жаңа техника немесе технология орнатқаннан кейін міндетті аттестаттаудан өткізуге ;

17) қызметкердің өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды заңға сәйкес өтеуге;

18) өндірістегі жазатайым оқиғаларды заңда белгіленген тәртіппен тексеруді

19) пайдаланудағы негізгі қорлардың бәрін еңбек қауіпсіздігінің және еңбекті қорғаудың қолданылып жүрген нормалары мен ережелеріне сәйкес келтіруге міндетті.

2. Ұйымның қызметі мен жұмыс түрлерінің ерекшелігін, аса жоғары қауіп көздерінің болуын ескере отырып, жеке не ұжымдық еңбек шарттарында жұмыс берушінің қосымша міндеттері көзделуі мүмкін.

## **5-ТАРАУ. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

### **17-бап. Ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі**

1. Қызметкерлер саны 100-ден асатын өндірістік ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында жұмыс беруші еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметін құруға міндетті. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі өзінің мәртебесі жағынан негізгі өндірістік қызметтерге т е н е с т і р і л е д і .

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметі ұйым қызметін тоқтатқан жағдайда ғ а н а ж о й ы л а д ы .

2. Қызметкерлер саны 100-ге дейінгі ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі маманның лауазымын енгізу туралы шешімді жұмыс беруші осы ұйымның қызмет ерекшелігін ескере отырып қабылдайды.

### **18-бап. Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары саласындағы нормативтерді әзірлеу**

1. Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары саласындағы нормативтер техникалық, технологиялық, санитарлық-гигиеналық, биологиялық, физикалық және қызметкерлердің еңбек қызметі процесінде олардың өмірі мен денсаулығын сақтауға бағытталған өзге де нормаларды, ережені, рәсімдер мен ө л ш е м д е р д і б е л г і л е й д і .

2. Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары саласында салалық нормативтерді әзірлеуді және бекітуді тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

3. Жұмыс беруші ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және еңбек жағдайлары жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуді және бекітуді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен тәртіппен жүзеге асырады.

### **19-бап. Өндірістік объектілер мен өндіріс құралдарын жобалау, салу және пайдалану кезінде қойылатын еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптары**

1. Мемлекеттік стандарттардың, еңбекті қорғау жөніндегі ережелер мен нормалар, санитарлық және құрылыс ережелері мен нормаларының талаптарына жауап бермейтін

өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды жобалауға, салуға және қайта жаңғыртуға, технологияларды әзірлеу мен пайдалануға, машиналар мен тетіктерді, жабдықтарды және басқа да бұйымдарды жасап шығаруға жол берілмейді.

2. Жаңадан салынған немесе қайта жаңғыртылған өндірістік объектілер, өндіріс құралдары немесе өнімнің басқа да түрлері, егер олар еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау талаптарына, сондай-ақ санитарлық және құрылыс ережелері мен нормаларының талаптарына сай келмесе қабылданбайды және пайдалануға берілмейді.

3. Өндірістік объектілер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген тәртіпке сәйкес еңбек жағдайлары бойынша міндетті түрде дүркін-дүркін аттестаттауға жатады.

## **6-ТАРАУ. ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАРДЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ**

### **20-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мониторинг**

Жұмыс орындарындағы еңбек жағдайларын кешенді бағалау, өндірістік жарақаттануды азайту мен өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен оның аумақтық бөлімшелері еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі мониторингті ұйымдастырады.

### **21-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік бақылау**

Осы Заң мен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы нормативтік-құқықтық актілердің сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Ережеге сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік еңбек инспекция органы жүзеге асырады.

### **22-бап. Мемлекеттік еңбек инспекторы қызметінің кепілі**

Мемлекеттік еңбек инспекторының өз құзырына сәйкес өзінің қызметтік міндеттерін орындауына тексеру жүргізуге жібермеу, жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметі туралы қажетті құжаттар мен ақпараттарды беруден бас тарту түрінде кедергі жасайтын адамдар Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапты болады.

### **23-бап. Мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбекті қорғау саласындағы құқықтары**

Мемлекеттік еңбек инспекторларының:

1) белгіленген тәртіппен ресімделген тексеріс жүргізу туралы қаулыны көрсеткенде осы Заңға сәйкес еңбек жағдайларына бақылауды жүзеге асыру мақсатында ұйымдарға барып тексеріс жүргізуге еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында заң нормаларының орындалуын тексеру мақсатында және өндірістегі жазатайым оқиғаларды зерттеп тексеруге қатысуға;

2) жұмыс берушілерден, ұйымдардың лауазымды адамдарынан еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталу мәселелері жөнінде қажетті ақпарат, құжаттар, сондай-ақ түсініктеме алуға;

3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы заңына сәйкес еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заң талаптарының бұзылуына кінәлі заңды, лауазымды және жеке тұлғаларға әкімшілік нұсқамалар беруге және жазалар қолдануға;

4) қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бұзушылық анықталған жағдайда, жекелеген өндірістерді, цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындары мен жабдықтарды пайдалануды осы бұзушылықтар жойылғанға дейін тоқтата тұруға (тыйым салуға);

5) жұмыс орындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына жауап бермейтін арнайы киімдерді, арнайы аяқ киімдер мен басқа да жеке қорғаныс құралдарын пайдалануға тыйым салуға;

6) белгіленген тәртіппен оқытудан, нұсқамадан әрі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ережелерге, нормалар мен нұсқаулықтарға білімін тексеруден, медициналық (алғашқы, ауысым алдындағы немесе кезеңді) куәландырудан өтпеген, тиісті арнайы киімді, арнайы аяқ киімді пайдаланбайтын әрі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңды бұзған адамдарды жұмыстан шеттетуді талап етуге;

7) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдардың бұзылу, жұмыс берушілердің мемлекеттік еңбек инспекторларының нұсқамаларын орындамау фактілері жөніндегі ақпаратты, қуыным талаптарын және өзге де материалдарды тиісті құқық қорғау және сот органдарына жіберуге;

8) Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

**24-бап. Мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы міндеттері**

1. Мемлекеттік еңбек инспекторлары:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдар талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдардың сақталуына уақытылы, сапалы және тиімді тексерістер жүргізуге;

3) заң бұзушылықтардың анықталғаны туралы жұмыс берушілерді, ұйымдардың басшылары мен олардың жоғары лауазымды адамдарын оларды жою жөнінде шаралар қабылдау үшін хабардар етуге, кінәлі адамдарды жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізуге;

4) ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдарды

сақтауының жай-күйін сипаттайтын көрсеткіштерді жинауды, қорытындылауды, жүйеге келтіруді және талдауды жүзеге асыруға;

5) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы заңдар мәселелері жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізуге;

6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында бақылауды жүзеге асырған кезде азаматтармен және қоғамдық ұйымдармен өзара әрекет жасауға;

7) заңдардың бұзылу фактілері туралы өз құзыреті шегінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органды және басқа да мемлекеттік органдарды хабардар етуге;

8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдардың бұзылу фактілері туралы, оның ішінде жекелеген өндірістердің, цехтардың, учаскелердің, жұмыс орындары мен жабдықтардың пайдаланылуы тоқтатылған (тыйым салынған) кезде материалдар дайындауға және оларды құқық қорғау органдарына жіберуге;

9) азаматтардың, ұйымдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері жөніндегі арыздарын, өтініштері мен ұсыныстарын уақытылы қарауға;

10) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында біліктілік талаптарына сәйкес дәйрлік деңгейі болуға;

11) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін жүзеге асырған кезінде алған мемлекеттік, қызметтік және коммерциялық құпияларды жария етпеуге міндетті.

## **25-бап. Мемлекеттік еңбек инспекторларының еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және еңбекті қорғау саласындағы актілері**

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдар талаптарының анықталған бұзушылықтарына байланысты мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша құқықтық әсер ету шараларын қабылдау мақсатында мемлекеттік еңбек инспекторлары мынадай актілер шығарады:

1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңдары талаптарының бұзылуын болдырмау туралы;

еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерге аттестаттау өткізу туралы; өндірістік объектілер мен өндірістік жабдықтарда, сондай-ақ өндірістік процестерде жарақаттану қаупі және апаттық жағдайлар туындауын болдырмау үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөнінде профилактикалық жұмыстар жүргізу туралы;

жекелеген өндірістерді, цехтарды, учаскелерді, жұмыс орындары мен жабдықтарды қызметкердің өмірі мен денсаулығына қатер төнген жағдайларда соттың шешімінсіз 3 күннен аспайтын мерзімге, көрсетілген мерзімде міндетті түрде сотқа талап арыз беріп, пайдалануға тыйым салу және тоқтата тұру туралы нұсқама. Бұл ретте қызметті тоқтату немесе тыйым салу туралы акт анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін немесе сот шешімі шығарылғанға дейін қолданылады;

2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында Қазақстан Республикасының заңдары бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының заңына сәйкес әкімшілік

жауапкершілікке тарту туралы қаулы.

2. Актілердің нысандарын, оларды жасау және беру тәртібін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

3. Мемлекеттік еңбек инспекторларының актілерін жеке және заңды тұлғалар орындауға міндетті.

### **26-бап. Мемлекеттік еңбек инспекторларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау**

Мемлекеттік еңбек инспекторларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік еңбек инспекторының жоғарғы органдарына және (немесе) сотқа шағымдана алады.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторының әрекетіне сотқа шағым жасауға болады.

Шағым жасау мемлекеттік еңбек инспекторлары берген актілердің орындалуын тоқтатпайды.

### **27-бап. Мемлекеттік еңбек инспекторларынан жауапкершілігі**

Мемлекеттік еңбек инспекторлары лауазымдық міндеттерін орындау кезінде өкілетін асыра пайдаланғаны және негізсіз шаралар қолданғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңымен белгіленген тәртіппен жауапты болады.

### **28-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қоғамдық бақылау**

1. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қоғамдық бақылауды ұйымдарда қызметкерлер мен жұмыс берушілер өкілдері еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссиялар) құру жолымен жүзеге асырады. Олардың құрамына жұмыс берушілер мен қызметкерлер өкілдері тепе-теңдік негізде енеді.

2. Еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссия) өндірістік жарақаттану мен кәсіптік сырқаттанудың алдын алу мақсатында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қоғамдық бақылауды жұмыс орындарында жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

3. Еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссия) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі іс-шараларды әзірлеуге қатысады, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі ұжымдық шартта көзделген, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асырады.

## **7-ТАРАУ. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**29-бап. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңдарды бұзғаны үшін жауапкершілік**

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапты болады.

**30-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізудің тәртібі**

1. Осы Заң ресми түрде жарияланған күнінен бастап қолданысқа енеді.
2. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қаңтардағы Заңының күші жойылды деп танылсын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК